

ТЕМПЕРАМЕНТ ТИПТЕРІНІҢ МОРФОГЕНЕТИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІН АНЫҚТАУ



Жұмыстың өзектілігі

- Қазақстан Республикасындағы психологиялық іс-әрекеттердің көптеген қиындықтар арқылы нәтиже алынатыны белгілі. Солардың бірі даралық темперамент түрлері.
- Темпераменттің түрлері жаратылыстану саласында ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, олардың морфогенетикалық сипаты жайындағы мәліметтер толық зерттелмей отыр.
- Темперамент типтерінің морфогенетикалық сипатын телометриялық әдістермен анықтайды. Бұл әдістердің жүргізілу қиыншылықтары оларды кең көлемде жүргізілуге мүмкіншілік тудырмай отыр. Осыған сәйкес жаңа тиімді әдістер қолдану өзекті мәселе болып табылады. Адам ағзасы ежелден бері зерттеліп келеді. Бірақ тұлғаны анықтайтын белгілердің және темперамент өзгергіштігі, темперамент типтерінің математикалық сипаты әлі күнге дейін жасалмаған. Көп жағдайда бұл көрсеткіш көзқарастар да әртүрлі болып келеді. Көп жағдайда бұл көрсеткіш визуальді әдіспен бағаланады да тоқтатылады. Бағаның математикалық яғни, кешенді цифралық сипаты жасалған жағдайда ғана зерттеу нәтижелері немесе тұлғаның өзгеру процесстері компьютерлік бағдарламалардың көмегімен өңделіп, модельденуі мүмкін. Бұл-қазіргі заманғы ғылымның талабы, әрі болашағы болып табылады.

Жұмыста қолданылған әдістер

- ▣ статикалық әдіс немесе телометрия, органолептикалық әдіс (корреляцияны анықтау). Бұл жұмыс барысында биология мен антропогенетиканың зерттеу әдістерімен қатар, жаңа тәсілдер пайдаланылған, әсіресе, темперамент типтерін сипаттайтын өлшемдерді анықтау әдістері. Негізгі және өте тиімді, қиын әдіс түрі корреляциялық байланысты анықтау тәсілі тиімділігін тапқан.

Зерттеу нәтижелері

- сангвиник, холерик, меланхолик, флегматик темпераментті тұлғалар сапалық ерекшеліктері арасында және ұзындықтық ерекшеліктер арасында байланыс бар екендігі дәлелденді.

Темперамент типтерін дене мүшелерімен және жүйке жүйесінің қызметтік көрсеткіштер арқылы байланыстыра отырып зерттелуі

ЖДНҚ типі	Дене ерекшеліктерінің типі		Темперамент типі		
	Кречмер бойынша	Шелдон бойынша	У.Шелдон бойынша	У.Кречмер бойынша	Кант бойынша
Күшті, ұстамды, қозғалмалы	атеист	мезаморф	самотоник	шизолик	Сангви-ник
Күшті, Ұстамсыз, қозғалмалы	Астенит	экторморф	Церебро тоник	шизотолик	Холерик
Күшті, ұстамды, инертті	Пикник	эндомор	Висцеро тоник	цикло-тинин	Флегма-тик
әлсіз қозғалмалы	астенит	экторморф	церебротоник	Цикло-тинин	Меланхол-ик

Темпераменттің типтерінің сызықты орналасу реті

Автор	Типтердің қатары
Гиппократ	Холерик Флегматик Сангвиник Меланхолик
Кречмер	Пикник(сангвиник) Атлетик (Флегматик) Лептосоматик (Меланхолик)
Шелдон	Висцеротоник (Сангвиник) Соматотоник (Холерик) Церебротоник (меланхолик)
Павлов	Күшті, ұстамсыз (холерик) Күшті инертті (флегматик) Күшті Қозғалғыш (сангвиник) әлсіз (меланхолик)

Темперамент типтерін зерттеу жолдары

- Темпераменттің түрлері жаратылыстану саласында ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, олардың морфогенетикалық сипаты жайындағы мәліметтер толық зерттелмей отыр.
- Темперамент типтерінің морфогенетикалық сипатын телометриялық әдістермен анықтайды. Бұл әдістердің жүргізілу қиыншылықтары оларды кең көлемде жүргізуге мүмкіншілік тудырмай отыр. Осыған сәйкес жаңа тиімді әдістер қолдану өзекті мәселе болып табылады. Адам ағзасы ежелден бері зерттеліп келеді. Бірақ тұлғаны анықтайтын белгілердің және темперамент өзгергіштігі, темперамент типтерінің математикалық сипаты әлі күнге дейін жасалмаған. Көп жағдайда бұл көрсеткіш көзқарастар да әртүрлі болып келеді. Көп жағдайда бұл көрсеткіш визуальді әдіспен бағаланады да тоқтатылады. Бағаның математикалық яғни, кешенді цифралық сипаты жасалған жағдайда ғана зерттеу нәтижелері немесе тұлғаның өзгеру процесстері компьютерлік бағдарламалардың көмегімен өңделіп, модельденуі мүмкін. Бұл - қазіргі заманғы ғылымның талабы, әрі болашағы болып табылады.

Корреляция

- геномды, морфогенетикалық, филогенетикалық, эргонтикалық корреляция мүшелерінің өзара тәуелділі сақталады.
- Оң корреляция екі белгі жоғары.
- Теріс корреляция бір белгі төмен.
- Корреляция коэффициенті 0 ± 1 дейін құбылады.
- Оң корреляция шамасы 0 - ден $+1$ - ге дейін болады.
- Теріс корреляция шамасы 0 - ден -1 - ге дейін болады.

Темперамент типтерінің пропорциялық зерттеуде кейбір антрометриялық көрсеткіштері.

- Біздің зерттеуге алынған объектілеріміз студент қыз балалар болды. Жалпы саны 95. 19 дене ерекшелігімен сапалық ерекшеліктер арасындағы корреляция мінез-қылық пен корреляция коэффициенті анықталды.
- Ал зерттеу барысында көптеген дене көрсеткіштеріне баға беру арқылы және өзге адамдардың көзқарастарымен салыстыра отырып, кейбір дене белгілерінің сандық және баға беру көрсеткіштеріне сараптама жасадық. Мысалы, мінез деңгейі, бойы, аяқ сымбаттылығы, омырау үлкендігі, толықтығы, жады, спорттық энергиясы, тері пигментациясы, шаш пигментациясы, аяғы, отырғандағы бойы, бас шеңбері, шаш бұйралығы, мойын шеңбері, бюст шеңбері, иық кеңдігі, аш белдің шеңбері, бөксе шеңбері, сан шеңбері, балтыр шеңбері, сирақ шеңбері, табан ұзындығы, тері қалыңдығы мойын ұзындығы, фигурасы, басқалармен тіл табысуы, жалпы бағасы, мінез типі толық анкеталық жағдайда зерттелді. Бұл зерттеу жұмыстарының барысында зерттелуші қыз балалардың ата - аналарының және бабаларының отбасыға тән ерекше белгілері де ескерілді.

Темперамент түрлерінің зерттелген даралардың кейбір дене белгілері бойынша корреляция көмегімен бағалау

- Темпераментпен морфогенетикалық ерекшеліктер арасындағы байланыстар ежелден белгілі. Бірақ бұл бағытта арнайы зерттеулер өте аз жүргізілген.
- Біз адам денесінің (20 жас шамасындағы қыз балалардың) шеңберлік және түстік белгілерінің темпераменттік белгілермен байланысын зерттедік. Шеңберлік белгілер өлшеу таспасымен, түстік белгілер органолептикалық әдіспен және мінез - қылықтық белгілер анонимдік түрде 5 баллдық жүйемен бағалана отырып, алынды. Барлық 16 белгілер арасындағы корреляциялық коэффициенттер компьютерде арнайы бағдарлама арқылы анықталып, нақтыланды.
- Сапалық белгілер 5 баллдық жүйемен бағаланды, яғни белгінің ең төмен көрсеткішіне 1 балл, ең жоғарғы көрсеткішіне -5 балл берілді. Мысалы, өте көңілсіз - 1 балл; көңілсіз - 2 балл, орташа көңілділік - 3 балл; көңілді - 4 балл; аса көңілді - 5 балл.
- Зерттелуші топтағы ағзалардың темпераменттік белгілерінің ауытқулары мен мына шектерде болды.
- Зерттелуші топтардағы ағзалардың мінез деңгейлерінің басқа белгілерінің ауытқулары мына шектерде болды: тәрбие деңгейі 3-5 балл,
- мінез деңгейі 2-5 балл.
- Тұлғаның жеке ерекшеліктерінің ауытқулары мыналар болды:
- спорттық энергиясы 1-5 балл,
- жады 2-5 балл.
- Дененің шеңберінің белгілері мына ауытқуларда болды:
- бас шеңбері 49-60 сантиметр,
- мойын шеңбері 27-35.8 сантиметр,
- көкірек шеңбері 66-89.5 сантиметр,
- аш бел шеңбері 57-90 сантиметр,
- бөксе шеңбері - 83.5-112 сантиметр,
- сан шеңбері 42-87 сантиметр,
- балтыр шеңбері 27-40 сантиметр,
- сирақ шеңбері 18-28 сантиметр.

Зерттелген тұлғалардағы темпераменттің үлестік сипаты

№	Жеке тұлға темперамент типтері	саны	үлесі
1	Фегматик	40	42.1
2	Меланхолик	31	32.6
3	Сангвиник	19	20
4	холерик	5	5.3
5	жалпы	95	100

Сангвиник арасындағы байланыс

- Зерттелген өзге де темперамент типтерімен салыстырмалы түрдегі дене морфологиясы мен мінез арасындағы тікелей байланыс бар екендігін сандық немесе статистикалық түрғыдан биометриялық есептеу әдісі арқылы есептей отырып, сангвиниктердің өте белсен және қазіргі заманға лайықты адамдар типіне енетіндігі дәлелденді. Бірақ зерттелу кезеңінде көптеген қиындықтар туындау барысында бір типті тұлғалар көмегімен зерттеу болжамы толық жасалмады. Сондықтан жасалынған іс-шаралар аясында артық қателер кезесуі мүмкін.
- Темперамент типтері әр тұлғада белгілі деңгейде анық байқалды. Сангвиниктік темпераментті даралардың психологиялық сипаттағы - өте белсенді және қызықты, нәтижелі жұмыс жасайтын тұлғалар екендігі биологиялық тұрғыда дәлелін табуда.
- Мойынының жуан және жіңішкелілігі арасында байланыс бар.

Меланхоликтік темпераментке ие даралардың морфогенетикалық жалпы көрсеткіші

- Зерттеуге алынған даралар психологиялық тұрғыдан сияптталған қорқақтау, күдікшіл және есте сақтау қабілеті орташа адамдардың құрамды бөлігі екендігі нақтыланып, зерттелді.
- Біз зерттеген 95 тұлғаның ішінде 31 меланхоликті темперамент иелері кездеске еді, осы сандарға сүйене отырып пайыздық үлесте осы 31 адам санынын статистикалық тұрғыдан алдық. Сонымен қорыта келе зерттелген тұлғалардың мінез-қылығы мен дене морфологиясының арасындағы байланысты статистикалық тұрғыда көрсете білдік. Бірақ зерттелген тұлғалардың барлығының дене пішіні бірдей өлшемде еместігін ескеруіміз қажет.

Холериктік темпераментке ие даралардың морфогенетикалық жалпы көрсеткіші

- Зерттелетін холериктік темпераменттік даралар бойынша ($n=5$) кейбір дене белгілерінің арифметикалық орташасы туралы баяндалады.
- Яғни көкірек шеңбері мен мінез деңгейі арасында $(-0,617)$, сан шеңбері мен мінез деңгейі $(-0,562)$ байланыстар көрсеткіштері салыстырмалы түрде болып келеді.
- Холерикте-көкірек, сан, бюст, бөксе шеңбері арасында және табан ұзындығы арасында байланыс бар екендігі статистикалық тұрғыда санмен сипатамасын тапты.

Флегматиктік темпераментке ие даралардың морфогенетикалық жалпы көрсеткіші.

- Бұл жерде азды-көпті байқалатын көрсеткіштерге саусақ ұзындығы мен мінез деңгейі (0,307) белгілерінің арасындағы әлсіз де болса көзге көрінетін корреляциялық коэффициенттерді атауға болады.
- Сангвиниктік темпераментті даралар жады өте жүйрік және ақпаратты жақсы қабылдайды. Сондай-ақ қоршаған ортамен қарым-қатынасы жақсы деуге болады. Қорыта келгенде флегматиктік темпераментке ие даралардың жады өте жоғары деңгейде дамыған, жеке ерекшеліктері де көптеп кездеседі және де спорттық энергиясы мен басқалармен тіл табысу деңгейі де жоғары болып келеді.